



«Туган жер тарихы»

Кафедра: Қазақстан тарихы және әлеуметтік гуманитарлық пәндер.

● Тақырыбы: «Туған жер тарихы»

Орындалу түрі: Презентация.

Факультет: Мейірбеке ісі

Курс: 1.

Топ: 015-02

Тексерген: Илгидаева С.М

Орындаған: Сағади Н.Б

Алматы 2015

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Бесағаш ауылы.



*Туған ауыл ақ-анам, қалған
мұра атадан.*

*Бесағаш деп атыңды
халық өзі атаған.*

*Салтанатым, сәнімсің,
махаббатым, әнімсің.*

*Айналайын, Бесағаш,
бақытымсың бағымсың.*

Бесағаш — Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы ауыл, Бесағаш ауылдық округінің орталығы. Аудан орталығы — Аса ауылының оңтүстік-шығысында 37 км жерде. Тұрғыны 2,4 мың адам (1997).

- *Ауыл құрғақ қоңыржай-ыстық агроклиматтық белдемде жатыр. Топырағында баялыш, күйреуік, т.б. астық тұқымдас шөптер өседі. Бесағашта шаруа қожалықтары, өндіріс кооперативтері жұмыс істейді. Орта мектеп, клуб, дәрігерлік-амбулаториялық пункт бар. Тұрғындары басқа елді мекендермен автомобиль жолы арқылы қатынасады.*

Тарихы

ХҮІІІ-ғасырда Ахмет атты ірі ноғай байы мол дәулетімен атағы шыққан саудагер болған. Ол Қытай, Орта Азия, Қазақстан елдерімен сауда істерін жүргізіп отырған. Ал оның баласы Сәбит 1748 жылы Қазан қаласынан 300 шақырымдай жердегі Бугульма қаласында дүниеге келген. Сәбит Қазан қаласында ер жетіп, әскери жоғары білім алады. Офицер шеніне ие болғаннан кейін лауазымды қызметте жүргенде орыс патшасы халықтың көңілінен шықпайтын әділетсіз жарлық шығарады. Ал ол жарлыққа татар-ноғай халқы мен әскери шендегі татарлар қарсы көтеріліске шығады. Бұл толқуды басу Сәбит Ахметұлына тапсырылып, бұйрық берілген. Ал Сәбит патшаның бұйрығын орындаудан бас тартады. Өз халқыма, өз ұлтыма қару көтере алмаймын, өз ұлтымның ұл-қыздарын қыруға қолым бармайды деп бұйрықты орындаудан бас тартқаннан кейін Сәбит әскери қызметтен шеттетіледі. Бұл 1773-1775 жылдардағы Дон казагы Емельян Пугачевтің көшбасшылығымен ұйыдастырылған көтеріліс кезеңі екенін архив құжаттары көрсетіп отыр. ІІ Екатерина басқарған Патшалық Ресейдің билігіне Еділ-Кама бойындағы халықтармен бірге, Кіші және Орта жүз қазақтарының қарсылық білдіргенін тарихтан жақсы білеміз. Дәл осы оқиға Сәбит Ахметұлының өмірін күрт өзгертті. Императрица ІІ Екатерина саясатының салқыны оның бағытын басқа арнаға бұрылуына мәжбүр етті. Сәбит енді әке жолын қуып сауда ісімен айналыса бастайды. Сауда жасап жүріп Қазақстанға келеді де мұндағы әкесінің сенімді досы болған Балпық бидің ерекше ықыласына бөленеді. Алматы жеріне келіп қоныстанып, шапырашты руынан шыққан қызға үйленеді.

Одан кейін Әулиеата өңіріне келіп қазіргі Басағаштың негізін қалайды. Бұл жерді Сәбиттің 18 киллограмм алтынға сатып алғандығы айтылады. Мұнда Сәбитті және оның ұрпақтарырын қазақ-қырғыздар «Байноғайлар» деп атап кетеді. Сәбит ноғай ұлтының өкілі болатын. Сол кездегі Патшалық Ресейдің солақай саясатының бірі ретінде ноғай халқына қарсы жүргізілген саясатты атауға болады. Ноғай ұлтын құжаттарға жазылдырмай, көрсетілмеуі, Патшалық Ресейдің ноғайларды ұлт ретінде жою саясатының ендігі бір көрінісі етін. Сәбиттің 4 ұл, 4 қызының ішіндегі ең атақтысы, Байзақ батырдың досы Ескендір бай болатын. Оның мұнда мешіт, медресе, мектеп салдырғаны белгілі. Оның асқан байлығы туралы деректер жетерлік. Ескендірдің байлығын сынамақ болған орыс көпесі Седовқа ол қағаз ақшамен бір самаурын шай қайнатып бергендігі және тағы да басқа мәліметтер ауызша деректерде айтылады. Ташкент қаласындағы «Бесағаш» базарын Сәбит пен Ескендір салдырғандығын да растауға болады. Ескендір байдың Тараздағы сауда керуені жүрген көше Кеңес үкіметі тұсында Бесағаш деп аталған. Бүгінгі күні де сол көшенің біраз бөлігі Бесағаш деген атауын сақтаған. Сонымен, қазақ жеріне келген Сәбит пен оның серіктері қазіргі Бесағаштың негізін қалайды. Осыдан бастап Бесағаш ноғайларының тарихы басталады. Кеңес дәуірінде ноғай ұлтын паспортқа яғни жеке басты растайтын құжаттарға жазбауына байланысты Бесағаштағы ноғайлардың жартысы татар, енді бір бөлігі қазақ деп ұлттарын көрсетіп жаздыртқан.

Кеңес дәуірінде

*Ауыл атауы бұрынырақта "Ильич"
Бесағаш ауылында тәжірбие станциясы
болған, онда жаңа сұрыпты дақылдар
шығару үшін жүгері, бидай, алма, жүзім,
қызанақ сияқты дақылдарға зерттеулер
жүргізілген.*

Бесағаш мешіті



Өз тарихында Бесағаш ауылының бірнеше атауы болған: Ынтымақ және т.б. Ауылдың қалыптасуында татар ұлтының алатын орны ерекше және соған да байланысты болар, халық арасында осы ауыл-аймақты "татарлар ауылы" деп те атайды. Ауыл ежелден білімді, дарынды, араб, татар, орыс тілдерін жетік игерген және ислам дінінің қағидаларын жетік меңгерген молдалармен танылған. Осыған байланысты Жамбыл аймағында бұл елдімекен "дінге берік ауыл" ретінде белгілі

ӘШІР

МОЛДАҒАЙЫНОВ



(10.2.1939 жылы туған, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Бесағаш ауылы) — композитор, Қазақстан Компартия одағының мүшесі (1999), 1955 ж. Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесін бітірген. 1957 ж. Студенттер мен жастардың республикалық және дүние жүзі фестиваліне (Мәскеу) қатысып, әнші ретінде өнер көрсеткен. Сол жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның әншілер даярлайтын бөліміне оқуға қабылданады. Консерваторияда оқып жүргенде (1960) Абай атындағы академиялық опера және балет театрына жұмысқа орналасты. Осы театр қабырғасында Молдағайынов әншілік өнерімен қатар композиторлық қабілетімен таныла бастады. «Ұстазым», «Сағындым, сағындым, сәулешім», «Аяулым, арманымдай асылым ең», «Алғашқы ұстазым», т.б. ән-романстары жұртшылық арасына кең таралды. Бұл күндер 300-ден аса ән-романстардың, хорға арналған және симфониялық шығармалардың авторы. «Туған ел, туған жер әуендері» жинағы жарық көрген (А., 1981)

МӘРИЯ МЫРЗАХМЕТОВА



МӘРИЯ МЫРЗАХМЕТОВА -
Социалистік Еңбек Ері (1948),
қызылша өсіруші, ауыл
шаруашылығы озаты. 1908 жылы
қазіргі Жамбыл облысы, Жамбыл
ауданы, Бесағаш ауылында туған.
Еңбек жолын 1929 жылы бастаған.
1943-1950 жылдары "Ынтымақ"
колхозында қызылшашылар звеносын
басқарып, әр га-дан 984 ц өнім алған.
1947 жылдан КПСС мүшесі.
1951-1958 жылдары Жамбыл
облыстық тәжірибе стансасында
істеген. 2-сайлауда СССР Жоғарғы
Советінің депутаты болды.
Ауыл шаруашылығы озаты.
Социалистік Еңбек Ері (1948)



Бесағаштан шыққан спорт саңлақтары:

Жараов Болат – бокстан Европа чемпионы.

Ғалиакпаров Кеңесбек – күрестен үш дүркін Қазақстан чемпионы, КСРО-ның күміс жүлдегері.

Мұхамедқалиев Руслан – әлем біріншілігінің жүлдегері, Азия біріншілігінің екі дүркін чемпионы, Қазақстанның он дүркін чемпионы. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Хабибуллаев Дамир – күрестен үш дүркін Қазақстанның чемпионы. Спорт шебері.

Хабибуллаев Әмір – күрестен Европа чемпионы, Қазақстанның үш дүркін чемпионы. Спорт шебері.

Ғарипуллаев Рустам – жастар арасында самбодан Қазақстанның екі мәрте жүлдегері. Спорт шебері.

Ғарипуллаев Бақтан – жастар арасында еркін күрестен Қазақстанның екі мәрте жүлдегері. Спорт шеберіне үміткер.

Сапарғалиев Ғалымжан – Әлем біріншілігінің қола жүлдегері. Екі дүркін Азия чемпионы. Европаның қола жүлдегері. Бірнеше рет Қазақстан чемпионы.

Сапарғалиев Әлімжан – жастар арасындағы самбодан Қазақстан чемпионы. Спорт шебері

Насибуллаева Гүлжан – шахматтан республика чемпионы.

Мұхамедкаримов Мадияр – ҚР самбодан жүлдегері. Қазақстан спорт шебері, ауданның түйе палуаны. Азияның қола жүлдегері.

Махмутов Ерлан – Қазақша күрестен Қазақстанның екі мәрте жүлдегері.

Махмутов Ринат – Қазақша күрестен ҚР жүлдегері. Спорт шебері.



Қолданылған әдебиеттер

*«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор
Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас
редакциясы, 1998*

*Жамбыл облысының топономикалық атауларының
анықтамалығы.*